

"Қостанай облысының аумағында көпшілікке таралған пайдалы қазбаларды барлау, өндіруге немесе барлау мен өндіруді қоса атқаруға арналған кепілдің келісім шартын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуінің стандартын бекіту туралы" әкімдіктің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 583 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 қарашадағы № 543 қаулысы. Қостанай облысы Әділет департаментінде 2008 жылғы 18 желтоқсанда № 3662 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 115 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2010.04.09 № 115 қаулысымен .

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 наурыздағы № 276 қаулысына , "Қостанай облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" мемлекеттік мекемесін қайта атау туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2008 жылғы 14 сәуірдегі № 214 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қостанай облысының аумағында көпшілікке таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе барлау мен өндіруді қоса атқаруға арналған кепілдің келісім шартын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 583 қаулысына (мемлекеттік тіркеу нөмірі № 3591, "Қостанай таңы" 2008 жылғы 19 ақпандағы № 21, "Костанайские новости" 2008 жылғы 20 ақпандағы № 27) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының "Қостанай облысының аумағында көпшілікке таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе барлау мен өндіруді қоса атқаруға арналған кепілдің келісім шартын тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартында бүкіл мәтін бойынша "Қостанай облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті" деген сөздер "Қостанай облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Кулагин

Әкімдік мүшелері:
КЕЛІСІЛДІ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК